

K63.3
517



ФАЛЫМ БАЙБАТЫРОВ
ШЕЖІРЕЛІ ШЫГЫС ЕҢІРІ

Ғалым Байбатыров

**ШЕЛЖИРЕАЛ ШЫҒЫС
ӨҢІРІ**



Өскемен
2006

Шығыс Қазақстан облыстық мәдениет басқармасы
Мәдениет пен өнерді қолдаудың мемлекеттік қоры

ББК 633 (Қаз)
Ш-41

“Мәдени мұра” бағдарламасы бойынша шығарылған
бұл кітапта автор Алтай, Қалба, Тарбағатай өнірінің өткен
-кеткенінен сыр шертеді.

Шығармаға бүгінгі үрпакқа мұлдем беймәлім болып
келген өлкетану материалдары, өткен замандағы тарихи
тұлғалар, ел өмірінде елеусіз із қалдырған оқиғалар өзек
болған.

Кітап жатық тілмен қызығылшты жазылған.

III 0503020905
00105-06

ISBN 9965-9819-9-X

ШЫҒЫС ШЫҒЫС ШЫҒЫС ШЫҒЫС

ОҚЫРМАНҒА АРНАУ

Бұл еңбекте Шығыс Казақстан тарихына қатысты бұрыннан жазыла-жазыла жауыр болған жайтардан мүмкін болғанынша айналып өтуге тырыстық. Өйткені Өскемен, Риддер, Зырян қалалары жөнінде көптеген кітаптар шықты. Осы еңбектерде қазан төңкөрісіне дейінгі патша билігінң бүйрек, жарлықтары, мұрағат материалдары, ерте кезде шыққан кітаптар деректері негізге алынып, көбінде Ертістің оң жағалауындағы бекіністер, өнекесіп орындары, осыларға қатысы, бар патша үкметі шенеуніктері, әскери басшылар, көсіпкерлер, дін өкілдері, Ресейден қоныс аударушылар тілге тиек болды. Ал, жиырмасыншы ғасыр басына дейін (1907 жылғы мәлімет бойынша) Өскемен уезіндегі халықтың 75,15 пайызын, Зайсан уезіндегі халықтың 92 пайызын құраған қазақ ауылдары жөнінде сараң жазылады.

Кеңес дәуіріндегі жетістіктерді патша заманында адамдардың белгілі бір тобы бейне бір Алладиннің сиқырлы шамымен жасай салған сияқты жазатындар да кездеседі. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Алтайды, Ертісті ежелгі қазақ жері емес деп соққандар болды. «Бұл ежелгі орыс жері» деп тарихтан хабары аз жас ұрпақтарды шатыстырды. Осы еңбекте Ресейден келіп қоныстанған шарулар мен патша қызметіндегі казактардың өзін Шығыс өніріне зорлықпен, күштеп әкелінгені тарихи деректер арқылы жазылды.

Шығыс өнірін ежелден сақ, ғұн тайпалары мекен етсе бүгінгі қазақ халқы тұп бастауын солардан алады. Алайда, мектеп оқулықтарында ол тайпалар қазақ халқына қатысы жоқ, әншайін келіп-кеткен елдер ретінде жазылады. Осының жәнсіз екендігіне назар аудардық. Отken ғасырда отарлаушылық идея сөнгө айналып тұрғанда жалпы түркі халықтарының тарихы бүрмаланды, бар дүниесі жоқ етіліп көрсетілді. Осының негізсіз

екендігін Европа, Шығыс елдері ғалымдары қаншама мәрте жазса да, әсіресе, кеңес тарихшылары оны елемеді. Осындай теріс көзқарастың негізсіз екенін оқырманға жеткізгім келді.

Бұл еңбекте өшқандай идеологияның ықпалының, тек ақиқатқа жүгіндік. Бұрын Шығыс өңірі жөніндегі тарихи еңбектер түгел дерлік орыс тілінде жазылды. Соның салдарынан қазақ тілді оқырмандар ол еңбектерден хабарсыз еді. Оның үстіне қазақ халқының жай-күйі, ел қорғаған батырлар, топ бастаған қайралкерлер, халқына қадірлі болған абзап адамдар жөнінде жазылмағандықтан ондай кітаптар қазақ оқырмандарына қызықсыз болды. Біз осы олқылықтардың орнын толтыруға қолдан келгенінше үмтұлыс жасадық.

Патша заманындағы әкімшілік бөлісі бойынша қазіргі Шығыс Қазақстан облысының аумағында Семей, Өскемен, Зайсан уездері болды. Біз Өскемен мен Зайсан уездері хақында қалам тарттық. Әйткені бір Семей қаласының өзі жөнінде қазақ және орыс тілдерінде көлтеген кітаптар жазылды. Сол сияқты осы уезге қараган Шыңғыстау, Жарма, Үржар, Мақаншы, Аягөз өңірлері туралы көркм шығармалардан бастап, деректі кітаптар бірінен соң бірі оқырман қолына тіюде. Содықтан бұрыннан жазылған жайлтарды қайталап жазуды артық деп санадық.

Қолдарыныңдағы кітапта Шығыс өңіріне қатысты көне дәуірлерден XX ғасырдың жиырмасыншы жылдарына дейінгі қолда бар деректер қамтылды. Кеңес дәуірі кезіндегі тарихқа бүтінгі оқырман онсыз да қанық. Кітап құмар қауым осы еңбектің жалғасын жазуды қажет ете ме, жоқ па, бізді осы жағы ойландырады.

Бұл еңбекте Шығыс өңірі жөнінде егжей- тегжейлі жазылды десек асылық болар еді. Олай болуы мүмкін де емес. Ең бастысы ойға түйіп, көкейге сактағанды қағазға түсіру қажет дегенді мақсат тұттық. Біз бастаған істі өзгелер, әсіресе өзімізден кейінгі жас үрпақ жалғастырса нұр үстіне нұр.

Автор

ТҮП ТЕГІМІЗ ҚАЙДА немесе төрт құбыламыз түгенделді ме?

Дүниені тану қандай қылн. Дүниені айтасың-ау өзінді танып білдің бе? Кейде белгілі бір жағдаяттарды тәтпіштеп айта бастаған әлдебір білгішке: «Кой енді қоя қой, Америка баяғыда ашылған» деп жатпай ма? Америка ашылса ашылған шығар, алайда, әркім Американы өзінше ашуы керек деген бір ой санаға қылаң береді.

Әркім тарихшы болуға міндетті емес. Бірақ әркім өз тегін білуі керек. Егер оған енжар қарасаң әрісі - мәңгүрт, берісі - тексіз атанасың. Қарғыстай естілетін қандай ауыр сөз! Обалымыз заманымызға болсын, ата сақалымыз аузымызға шыққанша ең аяғы өз ауылымыз бен ауданымыздың тарихын білмедік. Осылдан кейін күллі қазақ, бүкіл түркі дүниесі жөнінде нәйтесінде жүйе ерік бермегі.

Көшпелілердің, әсіресе түркі дүниесінің әлемдік өркениетке косқан үлесін жатжерлік тарихшылар айналып өтті. Ондай деректер жоқ болса өкпе нә, әдейі қасақана елемей кететінін қайтесің. Не болмаса бұрмалаушылықтарға жол беріліп келді. Барша кеңестік біліммен көз ашқан көнекөздер сияқты біз де тасқа басылып, баспа жузін көрген деректер мен қисындарды. Құдай сөзіндең шынайы шындық, бұлтартпас қағида деп қабылдағы. Жылдар өте келе осы бір сәби көнілмен қабылдаған тұнығымыз лайланып, мызғымас жартас сияқты сенімге сыйат түсіп, шытынай бастады. Жаңа бір дерек көзін кезіккенде, «япыр-ай, бұнысы қалай, бізге басқаша оқытып еді ғой», - деген дүдемәл ойлар көбейе түсті. Ақыры өтірікпен бүркемеленген перде біртіндеп ашылып, тарихшыларға деген өкпем қара қазандай болды.

Бірінші тұңіліс. Рас адамзат қолынан жасаған небір ғажаптарды тамсана оқыдық. Тек бәрі басқа жерлерде, басқа халықтардың үлесінде. Осындауда намыстанып, қорланады

екенсің. Білмекке құмар адам кітапханаларға барады, танымдық басылымдар мен кітаптарды параптайды. Бұл білім ощақтарында жоқ дейсіз. Алдыңдан ғажайыштар әлемі ашылады. Бірде Александр Гробовскидің «Көнеш заман тарихының құпиялары туралы» деген кітабын біз оқып жүрген Қазақ мемлекеттік университетінің мұғалімі қазақ тіліне аударды. Ұстаз тартуын ғылымға құмар жас қауым бас алмай оқыды. Расында кітап тартымды жазылған. «Джунглидегі қала», «Мая храмындағы өртөндөн жазбалар», «Американы ашқан кім?», «Дүние жүзілік апат болды ма?» деген сияқты зерттеулөрге қалай бейтарап қарарсың. Бәрін қызыға оқисың. Америка Колумбтан бұрын ашылған дейді. Бұл құрлыққа осыдан жүз мың жыл бұрын Азияда, бәлкім Африка мен Европадан ба, жоқ болмаса мұхиттағы аралдан ба екен адамдар қоныстанған. Оған дейін Америка құрлығында адам баласы өмір сүрмеген. Фалымдар осылай дәлелдеген. Ал керек болса. Сонда адам баласы Дарвинизм қағидасты бойынша жер бетіндегі климат және эволюция жағдайымен маймылдан жаралмады ғой. Эйтпесе маймылыңыз Америкада жыртылып айрылады емес пе? Осындай бір ой үшкіны сана түкпірінде әлсіз сәуледей жылт ете түскені рас. Әлгі кітап авторы Америка құрлығын алғаш мекендешілер «Ескі дүниенің қай жерін келді екен» деген сауалды алға тартып, бізді еліктіріп әкетті. «Жаңа дүниені» мекендеген байырғы ұлыстардың тұрмыс – салты, аныз, ән-сафаралары, тілінен «Ескі дүние» халықтарынан ұқсастықтар іздейді. Нактылы кесімді дәлел келтіре алмай, әр мәселенің басын бір шалып, ақыры біз сияқты оқырмандардың басын әңкі-тәңкі қылады.

Не дегенмен тарихтың тереніне сапар шектірген бұл кітаптың әсері өзгеше еді. Ондағы көтерілген мәселелер ойдан мұлде шығып кетпей, санада сақталып қалды. Арада біраз жылдар өтті. Бірде Қазақстанда шығатын «Білім және еңбек» журналын оқып отырып бейнө Американы өзім ашқандай ғажап әсерге бөлендім. Американы өзге емес біздің ата-бабаларымыз ашқан екен! («Білім және еңбек», 1984 №9, 1985 №6). Содан кейін көрнекті татар ғалымы Арбар Калимулиннің «Тюрки и индейцы Америки истоки происхождения» деген кітабы «Кочевники» баспа үйінен

Ғалым Байбатыров

Алматыда 2004 жылы басылып шықты.

Осы еңбектер арқылы Американың ежелгі тұрғындары үндістер мен тұріктөрдің тамырластығына көз жеткіземіз. Онда сиу және мая тілдерінің арасында қазақ тілдері арасындағы толып жатқан түбірі бір сөздер көп ұшырасады. Ежелгі мая тілінен тұрік сөздерінде ұксас 300 сөзді мысалға алса оның 50-і оп-онай ұғылады. «Кун» - күн, «Ош»- үш, «Куч»- күш, деген сөздерін түсіндіріп жатудың өзі артық шығар.

Тұркі тілдес біздің халықпен туыстас мая мәдениеті қандай десеңізші. XVI ғасырда Еуропа жаулаушыларында от қару болды демесен мая мәдениеті олардан әлде қайда жоғары болды деп жазады ғалымдар. Фылым-білім дамыған. Мая құнтізбесінің өзі дүние жүзі оқымыстыларын қайран қалдырған.

Мая кітапханаларының бірінен ескі қолжазбалардың үлкен кітапханасы табылады. Мәртебелі монахтың бүйрығы бойынша солдаттар кітаптарды, түсініксіз қолжазбалар, суреттер мен бумаларды күні бойы тасып үйюмен болады. Жұмыс біткенде Диегео де Ландо қолжазбаларға от қояды. «Бұл кітаптарда, - деп жазады ол кейін, - жоққа сенушілік пен жын шайтанның ойларынан басқа ештеңе жоқ еді. Біз бәрін де жағып жібердік.», немесе «басқыншылар келгенге дейін храмдардың бірінде маяның толық тарихын ойып жазған 52 алтын тақта болған деген мәлімет бар. Испандар келгенде дүниекор басқыншыларданabyzdar тығып үлгерген» («Шапағат», «Қазақстан» баспасы Алматы 1973 жыл 12 бет.)

Бір таң қаларлығы крест белгісі Америка құрлығында кездескен. Бұл жайлы да жоғарыда келтірілген кітапта А. Гробский «Крест белгісі өте ескі християндыққа дейінгі заманнан бар екені қазір ғылыми дәлелденіп отыр» деп жазады (17 бет). Оның бұл тұжырымы Мурат Аджидың «Қыпшақ даласының жусаны» деген кітаптағы пікірмен үндес. Крест белгісін Еуропаға ғұндар патшасы Атилла алып келді, Шығыс Еуропадағы християн діні тұріктердің Тәңірі дінінен алғынған дейді. Кейін үндістер кітабын өртегендей орта ғасырда Еуропада Тұрік кітаптары да өртеледі. Бәрібір белгілері қалып қойды дейді ресейлік ғалым. Кейбір мағынасы ресейліктерге

түсініксіз дұғалықтар түркі тілінде деп дәлелдер келтіреді: Киев қаласының 1500 жылдығы құрметіне болған салтанатта радиодан «Ходай алдында адаэм ачық булсын» деген дұға оқылады. Оны бір білгіш ежелгі славяндық шіркеуілк тіл дейді. Оның өзі-кез келген түркі тілдес елдің кішкене баласы бірден түсінетін «Құдай алдында бетің адам ашық болсын» деген сөз екенін біледі дейді (М. Аджи: «Тайны святого Георгия»; Алматы «Рауан» 1997ж. 22 бет).

Міне бүркемеленіп жатқан төл мәдениетіміздің құлашы қандай. Оның ізін бірде Еуропа, бірде Америка құрлығынан кездестіресің. Америка құрлығы адамдарының бәрі түріктер десек артық айтқандық болар. Бұл құрлыққа дүниенің әр түкпірінен халықтардың өкілдері барып тұрақтағаны сөзсіз.

Алтуркітілдесұндістер гекелсек, Азияда қалған қандастармен тілдік қана емес, өзге де мәдени сабактастығын жоғалтпаған. Олардың алыс қыырға кеткендігі үрпақтан-үрпаққа жетіп, көпке дейін халық жадында сақталған. «Америка ашылмастан 450 жыл бұрын орта Азиядан шыққан асқан білімпаз Әбу-Райхан Бируни еңбектерінде Атлантида деген пікірді әлде ńеше рет қайталайды. Оның айтуынша ол жаққа ауа райының қолайсыздығынаң, су тасқынынан, және қайта оралудың қауіптілігінен жүзіп бару мүмкін емес». («Шапағат», «Қазақстан баспасы», Алматы-1973 28 бет.)

Американдық үндістер мәдениетін шапқыншылар жойып жіберді. Солай десек те мына бір мысалды келтіре кетейік. Маялардың арнайы абсерваториясы болған. Күн мен түннің теңелуі кезінде (21 наурыз және 21 қыркүйек) абсерваторияның негізгі терезесінен келетін жарық сәулесі бөлме ішінде отырған бақылаушы абыздардың дәл алдына түсетін болған. (М. Исаков. Халық календары, «Қазақстан» баспасы, Алматы 1980 ж. 191 бет.) Бұл келтірілген күн мен түннің теңелуі жөнінде Азия халықтарымен үндестік байқалады. Мая құнтізбесінің дәлдігі мамандарды қайран қалдырады. Мая құнтізбесі Египет құнтізбесінен 1200 есе, юлиян құнтізбесінен 40 есе, григорион құнтізбесінен (қазіргі біз қолданып жүрген) 1,5 есе дәлірек екен. (М. Исаков Халық календары, «Қазақстан» баспасы, Алматы

Ғалым Байбатыров

1980 ж. 192 бет.) Үндістердің рухани мәдениеті жойылып кеткенімен олардың шаруашылық жүргізудегі тәжірибесі дүние жүзі ауыл шаруашылығын дамытуға ықпал етті. Қазір біз азық-тұліктүрін картоп, томат, бұрыш, жүгері, кабачки, фасоль, арахис, какао, күнбағыссыз дастарханымызды көз алдымызға елестете алар ма екенбіз? Бұл адамзат дамуына қосылған үлес емес пе?! Оған каучук сияқты техникалық дақылдарды қосыныз. Егер ұсақ халыққа тәбесінен қарап, езуіне сигарет қыстырған мырзаны көрсөніз темекі де үндістерден келген жоқ па? Көп жақсылықтың бір зияны болады деген осы да. Жоғарыда айтылғандарды ой сабасына салғанда кейінгі бірнеше ғасыр бойы үстемдік күрған кейбір дамыған мемлекектердің астамшылдық психологиясына итаршы болған жазғыштарға енді өзім мұсіркей қарайтын болдым. Ол үшін рухың мықты болу керек, адамзат прогресінә қосқан үлесің көп болуы крек дейсіз ғой. Аллаға шүкір ол жағы баршылық екен. Біз бәзбір елдер сияқты өзгөнің білімі мен мәдениетін пайдаланып, артынан түк көрмегендегі бәрін жоққа шығарып, ескі үлгілерді құртатын ел емеспіз. Өз барымызды түгендеп алсақ та ешкімнен кем болмаймыз, өзіміздікі өзімізге жетеді.

Өкінішке орай өзінде болғанды дәлелдеудің өзі қын екен. Әуелі бүркеліп, терең қазылып, тепкілеп көмілген ақиқатты аршып алу, әлдекімнің айтуымен емес, өз көзінмен оқып, өз қолынмен жазып, көз жеткізу де қынның қыны.

Тағы да туңіліс. Екінші бір көнілге сыймайтын жайттың тәңірегінде көп толғандым. Қазіргі Қазақстан жерін ерте дүниеде, атап айтқанда біздің жыл санауымыздан бұрынғы заманда мың жылдан, сақ деген халық жайлағанын тарих оқулықтарында жазып, олар парсы тілді еді, сондықтан сактарға қатысты барлық тарихи әрі мәдени мұралар қазақтарға қатысыз деген пікір үстемдік күрді. Сонда біздер қайдан шықтық деген сауалдың тууы занды ғой. Кош. Соған иландық дейік, енді бірер тарихи деректерде скифтер туралы жазылады. Скифтер мен Сактар бір текті. Сақ деп парсылар айтса, Скиф деп гректер атаған. Олар ұлан-байтақ аумақты мекендеген. Көбінде көшпелі болған. Киіз үйлерде тұрып, мал өсірген, қымыз ішкен дейді. Ал, керек болса!

Шежірелі Шығыс өнірі

Осы бір деректер есі бар оқырманға ой салмай қоймайды. Ал ұяты жоқ тарихшылар бұра тарта береді. Тарихшылар да пенде. Олар өз сөзін емес, өзі дәуір сүрген заманының, атап айтқанда отарлаушылықты, нәсілдік кемсітушілікті мемлекеттік саясатқа айналдырган биліктің сойылын соққан.

Қазіргі Қазақстан жерімен іргелес Орта Азия жерінде ғана емес түрік тайпалары ежелгі Бабыл (Вавилон жерінде) елінде, тіпті одан арғы кеңістіктерде мекен еткені тарххи деректерде таңбаланыш қалды емес пе?! Оны айтасыз ежелгі шумер мен біздің ата-бабаларымыздың тектік, тілдік байланысын қайда қоясыз. Ол жөнінде де деректер аз емес. Әттең, шіркін, біздің тарихшыларымыз дәл қазіргі егемен ел болған кезде неге үнсіз екен?! Соған таң қаламын.

Бұкіл Орта Азия, Қазақстан парсы тілді сақтар дегенді ресми саясат бекітіп берсе де, тарихи мәліметтер жоққа шығарыш түрғанын талай рет оқып жағамды ұстадым. Біздің елге сырттай тон пішken Батыс тарихшылары дерек көзін қайдан алды? Ең алдымен Герадоттан алды. Ол сонда не деп жазды? Ол қандай дерек көзінے сүйенді. Сақтардың тілі мен, тегін қалай зерттеді деген бір пейілі тұзу тарихшы болды ма?

Түрік тайпалары шығыстан ауып келді, ежелгі сақ жерін иеленді дегенге де иланбаймын. Ең алғашқы өркениет ощағы болған шумерлермен туыстас деген қисынға келеді. Біріншіден, біздің ата-бабаларымыз қазіргі Орталық Азиядан да кең кеңістікті мекендейдегі. Екінші, оған дәлел, тілдік-лингвистикалық айфактардың барлығы. Шумер тілі мен біздің тілдің бір түбірден екендігі. Мысал керек пе? Ал мысалға жүргінейік: Шумерше «даим» қазақша «дәйім» (үнемі), шумерше «ме», қазақша «мен», шумерше «уш», қазақша «ұш» (сан есім), шумерше «уд», қазақша «от». (Тарихиы Bolat Kөmekов материалынан).

Осындай деректерге қарап сақтарды кейін түріктер ығыстырыды дегенге де иланбаймын. Орысша айтқанда «фактіден» асып қайда барамыз.

Менің ойымша бұкіл Орталық Азияны мекендейген тайпалар ол мейлі «Сақ», «Скиф» аталса да түрік текстес халықтардың ата-бабалары.

Ғалым Байбатыров

Бұқіл Европа зерттеушілері «Тарих атасы» деп атаған Геродот заманынан бұрын да грек елі түркілөрмен араласқан. Оған жетерлік аныз-жырлар жетерлік. Бір ғана «Кентаврлар» туралы түсініктердің өзі қаншалық. Онда «Кентаврлар» даңалық үлгісі ретінде де сипатталады. Кейін түрік тайпалары алдыңғы Азия, бұқіл парсы жерінен кетіп, қазіргі Орталық Азия жеріне келгеннен кейін гректер парсылармен бетпе-бет келеді.

Қадірлі оқырман! Мен осының бәрін неге тәптіштеп кеттім дерсіз. Осының бәрі сақ тайпаларының біздің атабабаларымызға қатыссыз болған деп жазған жәдігей тарихшыларға шамырқануымнан. Осы өзірде сіздерге Батыс әлемі жөніндегі оқығаннан мәлімет келтірдім. Енді Шығысыңыз не дер екен?

Қытай саяхатшысы Чжан Кянь жазбаларына жүгіндейік.

«Мен Чжань Кян «Даванға» жеттім» дейді. Оның бұқіл орталық Азия кіндігі өзбек жеріндегі Қоқан қаласы. Осы арадан солтүстікке қарай Кангой, солтүстік шығыста Даҳя, солтүстік шығыста Усунь, шығыста Ганьми және Юйтянь елі бар дейді. Оны ғылыми айналымға қосқан Н.Я.Бигурип орыс тілінә аударады. Осы кітапты 1997 жылы Қазақстанда бастырған білімпаз азаматар «Ескерту» деген белгімен былай түсініктеме береді: Дәл қазіргі Қоқан бұрынғы Чигу үйсін мемлекетінің астанасы, ал Кангой иелігі (бізше Қанлы) Сырдарияның солтүстігінде орналасқан.

Тағы бір дат . Мектеп оқушысы да білетін бір дерек ой айтсам деймін. Атақты Александр Македонский Орта Азияны жаулап, неше түрлі қоныс салдырды, ары қарай әлемді жаулау үшін жорық жасады, бірақ сақтар оған одан әрі жүргуге жол бермеді дегенді күллі тарихшылар мойындайды.

Әлемді жаулауға жорық жасаған Александр парсы елін бағындырып, аралас - құралас болып, сол елдің ықпалына іштартып, өз қолбасшыларын ренжітті, арты өкпе-араздыққа үласты дейді. Ал сақтар жөнінде беліп айтады. Сақтар парсы емес, парсы сақтар емес екендігін сол жорық куәгерлері де аттап өте алмайды.

Сол үшін Махмұт Қашқаридың еңбектерін, Фирдаусидың

шығармаларын оқыса игі еді-ау. Ол аз десеніз қасиетті Құран Кәрімде жазылған Ескендір жорығы барша тарихи фактілермен үндесіп түрғанына таң қаласын.

Менің бала күнгі досым бүгінде барша Алашқа әйгілі Асқар Егеубайдың мына бір зертеулерінә назар салайық. Сонда ол досымыз қасиетті Құран Кәрім мен ғұламалар еңбектерінә сілтеме жасайды.

Әйгілі ұлы тұлға Ескендір Зұлхарнайын туралы соны деректер бар. Зұлхарнайын есімі Құранда үш жерде айтылады делік. Құранның 18 – Көһф сұресінде пайғамбар емес екендігі, қаһармандық қасиеті, қызметі, жорықтары айтылады. Елеулі күш егесі екендігін білеміз. (Құран Кәрім. 18 – Көһф сұресі, 303 бет) Онда Зұлхарнайынның шығысқа барғаны, күн астындағы елге жеткені, одан екі таудың арасына жеткенде сөзді түсінеге алмайтын елге кездескенін айтады. Темір қорған, қақпа құйғанын әңгімелейді. Осы оқиға Махмұт Қашқаридың «Түрік сөздігінде» де кездеседі.

Александр Македонский Түрік даласында сел жауынға ұшырап жүре алмай қалады. Бұл неткен батпак деп ренжиidl. Сол жер де, сол ел де кейін «Шігіл батпак» атанады. Содан бастап Әмударияның арғы бетіндегі түріктер «Шігіл» аталған. Бұл Құран сұресінде де, ортағасыр ғұламасы Махмұт Қашқари еңбегінде де тайға таңба басқандай таңбаланған.

Ал енді одан ары кетейік. Александр келді, көрді, енді жеңу керек қой. Бірақ олай болмаған. Әйгілі Шу батыр жаушыларға қарсы тұрған. Кей тарихшылар Орта Азиядағы қалаларды Александр Македонский салдырды деп жазады. Оның өзі де қате түсінік. Ал енді бізден мың жыл бұрын өмір сүрген ғұлама Махмұт Қашқари еңбектерінә жүтіндейік:

« Ескендір Зұлхарнайын Түркі даласына жорығында Шу қаласының үстінен түскен. Алтынхан тауында болған шайқаста Зұлхарнайын мен Шу халқы бітімгершілікке келіп, тоқтасады.»

(А. Егеубаев «Құғабызы» Алматы, «Жазушы», 2001 жыл.)

Осы деректермен болжамдардың бәрі ерте дүние жазушылар деректерінен алғынып отыр. Александр Македонскимен соғысқан Шу сынды батыр билеушілер үрпактары күллі Орта Азия мен

Орталық Азия елдеріндегі руларды билеп, көптеген қалалар салғаны тарихта таңбаланды. Сол сабактастықты Жұсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари жазып кетті. Ол аз десеңіз көрші ел тарихшылары мен ақын жазушылары еңбектерінде кестелеген.

Сақ кім? Иран кім? Арасына Қытай қорғанын салмайык. Ал енді атақты Фирдаусидің «Шахнамасындағы» осы екі ел арасындағы араздық туралы ұлы эпопеясын қайда қоямыз?

Осы жолдарды жазып отырған күнәһар пәнденіз, біреуге жол – жоба жөн сілтейін деген ниеттен аулак. Тек, өзін-өзі қалай таныды, өзін қойып өзін қоршап отырған қоғамдық ортаны қалай бағалады, өткен – кеткен тарихты қалай саралады деген бір үзік сырын сіздерге жеткізді. Мениң айтпағым тек ерте дүниемен шектелмейді. Өзім сезген, оқыған, көрген ақиқаттарды айтып кету.

Өзге жақты айтпағанда бір кездері осы араны ғұндар мекендеді деп, ол халықты жайғана келіп кеткен өзге бір жұрт ретінде түсіндіреді. Олардың қазақтарға ешқандай қатысы жоқ деп түсіндіреді. Тек біздің заманымыздың алтыншы ғасырында Түріктер келді, міне сол кезден бастап қазақтардың табаны киелі Алтай жерін тиді дегенді мензейді. Осыларға сенсек ғұн мен түріктің үш қайнаса сорпасы қосылмайды, бір бірінеше еш туыстығы жоқ. Расында солай ма? Енді ғұлама ғалым Әлкей Марғұлан еңбектерінде сүйенейік.

«Қытай тарихының бяндауында ғұн қауымы біздің заманымыздан бірнеше ғасыр бұрын белгілі болған. Олар қыста Каису, Шансы, Ордос бойын, Шығыс Түркістанды қоныстал, жаз айларында Алтай, Қанғай тауларын жайлаған ұлы қауым. (Бигдриң, 1 стр 40-41). Біздің заманымыздан үш ғасыр бұрын – Қытай өкіметі ғұндаға жойқын соғыс ашты. Алты жүз жыл өткенде оларды қиратады. Бестандықты жақсы көрген ғұндар Алтай тауының, Жетісудың төңрегіне жиналып, суармалы егін егіп, тау-кен жұмыстарымен шүғылданады. Темір, мыс, алтын шығарып, Сәнби, Жужандардың хандарына кеөмек көрсетеді. 350 жыл өткен соң ғұндар қайта көтеріліп, VI ғасырдың орта кезінде Түрік қағанатын құрады». (Ә. Марғұлан «Аныз бер жеткен ақиқат», «Жалын», № 8 2004ж) Сондай-ақ ғұлама ғалым

Шежірелі Шығыс өңірі

Византия жазушысы Фефилакт Симократтананың «Күншығыста тұратын скифтерді біз тұріктер деп атаймын» деген, Еуропаға ауып келген адамдардың арасындағы тайпасы Абделдер (эфталиттер) бар. Ирандықтар оларды «Тұріктер» деп атайды деген жазбаларына сілтеме жасайды. Демек, Қытай мен Латын тарихының баяндауынша VI ғасырда құрылған орхон қағанаты ғұндардың тікелей ұрпағы екені ғылымға ертеден мәлім. «Тюркский народ принадлежал первого века н.э импери хунов (хунов) (Бартольд, т 11, г 1, 814). «Китайцы называют Тюроков VI потомки хунов» (Бартольд V , 33, 577, т 11, г 1, 475)». – деген тұжырымдамалардың негізге алады. «Монголияда тұратын Шыңғысханның елі тұріктердің бір бөлігі. Ғұндар – ең ескі Тұрік» деп, И. Дени зерттеуінде дең қойып Ғұндар Тұркі тайпасының арғы атасы екенін Қытай тарихынан келістіре аударған жүйрік ғалымның бірі – Абел Ремюза ескі дәуірдегі ғұндардың тұрік екенін алғаш суреттеген – академик А. А. Куник» – дейді. Осы тұжырымды қуаттаған А. Н. Бернштам, В. В. Радлов, Ф. Хирт, Е. Парке сынды әлемге әйгілі ғалымдар еңбектерінен мысалдар келтіреді. Мінне осы бір апайқын дүниені басқа басылымдарды былай қойғанда тарих оқулықтарында оқушыға түсінікті етіп жазбайды. Хундар бір кездері Қазақстанда қоныстанды, одан кейін басқа жаққа босып кеткен халық сияқты түсінік қалыптастырады. Ғұндар Тұріктермен туыс, бір тексті деп ұрпақтар сабактастырын ашып айтса несі айып. Бұл ғылымға тән үрдіс емес қой.



АЛТАЙ - АТА ҚОНЫС

Алтайдай алып тау қазіргі заманда ешбір мемлекеттің құшағына сыймай, қайта төрт елді бауырына басқан. Міне, ұлылық дегеніңіз қайда! Алтай Қазақстан, Ресей, Монголия, Қытай мемлекеттеріне ортақ болса да, осы төрт тарапты да қазақтар мекендеп отыр. Бір сөзben айтқанда қазақтар қанат жайған тау. Шығыс Қазақстанның алтайда Алтайдың Ресейге қарасты Алтай өлкесінде Қосағашты қалың қазақ мекендесе, алтайлықтар да өз туысымыз, ал Монголияның Баян-Олгий, Қобда аймақтары және Қытайдың Алтай аймағының да негізгі тұрғындары қазақтар. Бұл дегеніңіз сонау Сак, Ғұн, Түрік дәуірлерінен үзілмей келे жатқан сабактастық. Алтайды түрік жүртінің алтын бесігі десек, корейлер мен жапондар да түп негізін осы бір қасиетті таудан таратады.

Қазақ халқының ата-бабалары Алтаймен шектелмей бүкіл Монгол үстіртің, сібір жерін, шығыс Түркістанды жайлап, қыстап қанатын кенге жайған. Енді бір сэт Алтайдың теріскей жағына назар аударып көрелік. Сөзіміз құр долбар болmas үшін тарихшылар еңбектерін негізге алайық. Алаш арысы Мұхаметжан Тынышбаев Новокузнецк Алтайындағы Обь өзенінің екі құйылсызының бірі Гулема өзенінің сол жағындағы бір сағасы Беріш деп аталатынына назар аударады. Ал одан батысқа қарай 40 шақырым жерде Берішкөл деген көл, Том өзенінде Буриш деген жартас бар дейді. Қатын өзенінің бір сағасы Черкиш деп аталады екен. «Алчедат» деген жер атауы тағы бар. Чұлым өзені бойы және Том өзенінің батысы, Беріш өзені, Берішкөл көлі, Буриш жартасы, Алчедат өзені аумағын тұластай алғанда түріктің қызыл тайпасы мекендейді. Олар үлкен ачин және кіші ачин деген топқа бөлінеді. Осыдан барып Ачинск қаласының атауы шығады. Осының бәрі кіші жұз – Алшын руларының бір кездері Алтайдың солтүстігін мекендегенінің дәлелі. Алшындардың арасында Беріш, Шеркеш рулары елеулі орын алған, өсіп-өнген рулар. Алчедай, Ачин, Алшын

деген атаулардың тұп негізі «Алтын» деген сөзден шыққан. М. Тынышбаев өз еңбегінде біздің жыл санауымыздың бұрынғы бесінші ғасырдағы Геродот тілге тиек еткен Алазон халқын Алшындармен байланыстыра зерттейді. Егер алшындар біздің жыл санауымыздан бұрынғы бесінші ғасырда Алтайда ғұмыр кешсе, онда олар ғұндардың құрамында туыстас тайпалармен бір тудың астына бірікті деген сөз.

Енді бүкіл қазаққа ұран болған «Алаш» атауы да Алтай жерімен байланысты болғаны таңқалдырады. Алтайда Кемчик деген өзен бар. Осы өзен Улы-Кем өзеніне қосылғаннан кейін Енсей деп аталады. Ал Кемчиктің оң жағынан келіп құйатын өзеннің атауы – Алаш. (М. Тынышпаев. История казахского народа. А. А. «Қазақ университеті». 1993 ж.).

Алтайда Телен қөлі бар. Шын атауы «Долес». Бір кезде осы араны қырғыздың долес руы мекендеген. Одан кейін бұл аймақты орыстар «Чернявый татар» атап кеткен дубо тайпасы қоныстанды. Енсейге құйатын Абакан және Юс өзендері жағасында орыстар «сагайский татары» деп айттын саха тайпасы жайласа, олардың шығысында өздерін туба деп атайдын қарақас және камиса тайпалары тұрады. Өзі де қахас ұлтынан шыққан профессор Н. Ф. Катанов «дуба» дегеніміз қазіргі ұранқайлар мен қарақастар дейді. Ал дубо мен үйғырлар тұп негізін осы маңда бесінші ғасырда өмір сүрген ғұндардан алады. Қазақ керейлерінің арасында да қарақас деген ру бар. Сонымен орыстар «чернявые және сагайские татары» деп атап кеткен ұранқайлар, қарақастар мен біздің керейлер бір кездері дүниені дүрсілкіндірген ғұндардың үрпактары. (М. Тынышпаев, История казахского народа. Алма-Ата, «Қазақ университеті», 1993 ж.).

Шығыс өнірі ежелден найман тайпасының ата қонысы болса, олардың да тұп негізі – ғұндарда. Наймандар түрік қағанаты кезінде «сегіз оғыздар» деп аталған. Ғұндар мен оғыздарды ғалымдар бір текстес деп санайды. Қазақтың бағзы замандағы тарихшысы Қадырғали Жалайыр оғыз қағанның қол астында наймандар болған деп жазады. Ғұндардың тәңірқұтын

қытай тарихында Мөде десе, түрік аңыздарында оғыздардың қағаны деген мағнаны білдіретін «Оғызқаған» деген атау берген. Оғызқаған туралы шығарма әлем әдебиетінің жаухарларының бірі.

Ғұндар құрамында болып келген ежелгі наймандардың үрпактары күні бүтінге дейін Шығыс Қазақстанда өркен жаюда.

«Ұлы жібек жолы» найман жерін басып өтетін болды. Сондықтан олардың арасында сауда саттық нәдәуір дамыды.

Орталық құру, қала салу орын алды. Рашид-ал-дин және монгол жазбаларында жазылуы бойынша Найман ұлысының батыс ордасы Жажие ноур (Зайсан көл), шығыс ордасы утуккен теркем (Отгон тэнгэр)-де болды және аталмыш ордалар көшпенді күй кешті...

Наймандар ғасырлар бойы мекендеген Орхоннан Өр Алтай, Іле, Жетісу, Ұлытауға дейінгі кең өлкеде аталмыш тайпаның бірнеше жұртының орыны жатыр. Солардың бірі онтүстік Алтайдағы найманның «Ақ балық» қаласының ескі орыны. Ақбалық XI-XII ғасырда немесе Қидан, Монгол дәуірінде найман ұлысының батыс астанасы болды. Енді бірі – Шам өзенінің бойындағы «Шамбалық». Ол Ертістен алыс емес еді. Шамбалық Ойғыр билігі тұсында Монгол үстіртіндегі көшпелі тайпаларды батыс мұсылман елдерімен жалғап тұрған үлкен жолдың торабында болды. Қала Шыңғысхан жауынгершілігі тұсында жермен жексен болды. Шамбалықтың соншама алыс емес жерде немесе Алакөл бойында наймандардың және бір қаласы – Қиялық орын теуіп тұрды. Бұл қала Шыңғысханнан кейін салынып, Жоңғар шапқыншылығы тұсында талқандалды.

Қазақ ғалымы Ә. Марғұлан батыс Монголия жеріндегі «Найман сум» қаласын Найман ұлысының әкімшілік орталығы болған деп көрсетеді. Бұл қала туралы кезінде Марко Поло және А. М. Позднєв белгілеп кеткен. «Найман сум»-ның күйрекен орынын Дунгандар басып алды. Қазір бұл қаланың аты да қалмады. (Задыхан Қинаятұлы. Монгол үстіртін мекендеген түркі тайпалары: IX-XII ғасыр. «Елорда», Астана, 2001 жыл).

Біз жоғарыда қазақ жерін мекендеген ежелгі тайпалар

жөніндегі ғалымдардың жазбаларынан екшеп алынған деректерге жүгіндік. Сөйтіп барша түркі тайпалары тұп негізін сақтар мен ғұндардан алады деген тұжырымға келдік. Енді осы екі тайпаның бір аумакты мекендегенің, тұрмыс-тіршілігінің бір екендігі өз алдына, енді рухани жағынан сабактастығына назар аударалық.

Археологтар сақ мәдени ескерткіштерін Шығыс өңірінен молынан ұшыратты. Ондағы табылған алтын бедерлі заттар қазақтың азыз-ертегілер рухын білдіреді. Керек десеніз ою-өрнектерінде де ұқсастықтар көп-ақ. Ежелгі Греция-Эллада елінің «Золотое руно» анызы қаншама көркем шығармаларға өзек болды. Осы азыздың өзі Алтай өңірімен сабактасып жатыр.

«Алтын жал қырыққан» тайпалар туралы анызы антикалық («тарих әкесі» Геродот) жазуларынан табасыз. Ол сол шакта ірі алтын кенін иеленген Алтай өңірімен байланысты шыққан аныз. Жазба деректер мен археологиялық қазбалар аргипей тайпалары Алтай тауларында, аrimастар Зайсан көлі маңында мекендегенін айғақтайды...» (Faфура Байназарова. «Құдіретті түрік елі». Алматы. «Өнер» баспасы. 1999 жыл). Осы зерттеуші Геродот біздің дәуірімізге дейінгі VII ғасырда сақтар моншаларында шөп буымен бұлауланатындығын жазса, осындай моншаны XX ғасыр сонында Марқакөл ауданынан көргенін хатқа түсірді.

Сақ дәуірінің заттық әрі салттық сабактастығы осындай болса, ғұн дәуірінің рухани байланысы да бізді бейтарап қалдырмайды. Археологтар алтын ілгекті тапты. Бұл ілгектегі бейнелер (сурет) «Козы Көрпеш – Баян сұлу» жырына байланысты. «... Ол алтынға түсірілген сурет. Шоқтеректің түбінде өліп жатқан Қозы Көрпеш, оны алдына алып егіліп жылап отырған Баян сұлу, Айбас, қасында байлаулы аттар». (М. П. Грязнов. Древние памятники героического эпоса народов Южной Сибири, 21-31).

Ол аз десеніз Берелдегі «Патшалар қормы» деп аталатын соңғы кезде табылған археологиялық олжаны алыңыз. Немесе 1960 жылы Шілікті обаларынан қазып алынған 524 алтын заттарды, кейін табылған «Алтын адам» бүкіл әлем назарын өзіне аударды емес пе. Киелі Тарбағатай жерінде патшалық астанасы

болғаны осының айғағы. Осы еңбектің бастауында айтылғандай сақ және ғұн деп бөліп қарауға болмайтын, өйткені екеуі де дәуір-дәуір белесінде бірін-бірі жалғастырып келе жатқан бір текті этнос екенін айтсақ, Шығыс өңірінен табылған тарихи жәдігерлерді де бір-бірінен бөліп қарамауымыз керек.

Ғұндардың әскер өнөрі жөнінде тарихшылар тамсана жазды. Олардың ыскырып үшатын жебелері қандай? Ғұн жебесінің үш жағы тесік болады екен. Толғай атылған жебе ауаны қақ жара заулағанда ыскырық пайда болады. Сансыз жебе аспан әлемінен қаһар әкеle жатқандай заулағанда жау жүйкесін тоздырып жібереді екен. Откен ғасырдың жетпісінші жылдарының ортасында Зайсан қаласында мәдениет үйінің құрылышы басталды. Үйдің іргетасы үшін ор қазып жатқан құрылышылар адамның сүйегін тапты. Ерте заман жауынгерінің жауырынын ойған оқ ғұн жебесі болып шықты. Тым ерте заман жебесі екені үшіндіғы тесігі мен қоладан соғылғаны айғақтайды.

«Өрнектелген алтын киімдердің көп шыққан жері ерте кезде ғұндар қоныстанған Қазақстан өлкесі, Алтай тауының іші, Монголия, Алтай ескі дәуірлерден бері астын мұз басып жатқан өзгеше бір өлке болғандықтан, оның обаларына қойған ғұнның әдемі киімдері онша тоза қоймай, кейбіреуі бүтін қалпында сақталып келген. Мұны Алтайдағы обалар: Қотанды, Пазырық жарқын түрде суреттейді. Алматының қасында Есіктен шыққан алтын киім де – ескі ғұн мен сақтардың дәстүрлі сұлу киімі.

Шибэ – Алтайдағы бір атақты оба, ғұндардан қалған жәдігер. Одан шыққан өнөр дүниесі де өте бай (М. П. Грязнов. Раскопка княжеской могилы на Алтае).

Бұл Шибэден табылған дүниелер – алтын киімнің сақталған түрлери, сырмак, тұскиіздер, текеметте әдемі оюлар, зергерлік істер, анның суреттері. Көзге ерекше түсетін үлкен кафтандар, былғары киімдер. Олардың балағын алтынмен бояған ағаш суреттермен әшекейлеп отырған. Ағаштан жасаған өрнектер тегісімен рельеф түрінде жаңа скульптура формасында орындалған. Соның бірі – киелі бұқаның түрі.

Аса қымбат киімдер Қазақстан Алтайында Қотанды деген

обадан табылды. Бұл оба Белуха тауының түбінде, ғасырлар бойы мұздактың ішінде жатқан. Мұннан табылған киімдер Шибэден табылған киімдерге өте ұқсас, соның ішінде ең қымбаттысы алтын суреттермен әсемделген ұзын жарғақ тондар, қыс күні киетін үлкен мамық қамқа тондар, ішіктер. Олардың сыртын алтынмен бояған ағаш оймыштар безеген. Бір қамқа тонның өзінде 800-дей алтын суреттер бар. Оның көбі ағаштан жасалған аттың бейнесі, алтынға малған соң, олар көзге ерекше әсер беретін болған (С. В. Киселев, Древняя история).

Суреттерін қоспағанда, Қотанды мен Шибэнің киімдер пішу, тігу бойынша қазақтікімен бірдей. Жарғақ кафтандарды олар да ешкінің терісінен төрт бұрышты түрде кесіп, оның арасын сыртына шыгарып, тарамжылап кесте түрінде тігіп отырған (М. П. Грязнов). Мұны Ленинградтағы этнография мұражайында не Алматыда сақтаулы тұрған жарғақ тондар олармен бүтіндей бір сияқты екені байқалады. Фалымдардың көрсетуінше, Шибэден табылған мүйіз оймыштардың өрнегі тесігімен Алтайдың, қазақтардың, қырғыздардың өрнегінен ешбір аумайды (Киселев, 1931, 338).

Фұн шеберлері жасаған осындағы жарқын үлгілер Алтай тауының бар жерінде обалардан кездесіп отырады. Оның өзгеше түрлөрін Курайдан (Қос-Ағаш аймағы), Куроттан (Урсіл өзені), Түяқтан, Аргольден көруге болады. Тува өлкесі де – Қызыл бөлік, Тураң, тағы басқа аймақтарында да өте көп.

Алтай, Қаңғой тауларында мәдениеттің қанша бай дүниесін қалдыrsa, ғұндардың көп жебелеген көркем өлкесінің бірі – Тәнірі-тау, бергі кезде Алатау. Қытайлар оны өз тілінә аударып, Тянь-Шань деп атаған. Оңтүстік Сібір, Ортоспен қатар ғұндар бұл өлкені де ерте заманнан қонысталған, қырғыздар сияқты жаз күні солтүстікке көшіп барып, қысқа қарсы жылы жаққа, Алатаудың қойнауына, Жетісуға келіп жүрген. Осыған орай, ғұндардың бұл Орта Азия өлкесінде де мәдениет қалдықтары орасан көп. Бірак А. Н. Бернштам мен С. В. Киселев, С. П. Толстовтан кейін бұл мәселенің сонына түсушілөр аз болды. Ғұндар мен үйсіндердің жойқын мәдениеті көп сақталған жерлер Іле өзенінің бойы, оған

құятын Талғар, Шелек, Кеген, Уш Мерке өзендері. Осы арада тізбектеліп жататын ұлан-байтақ обалар – ғұн мен үйсіндердің естелігі. Сондай керемет обалар Қараталда, Қапал өзенінің бойында, Ақсуда, Лепсі өзенінің жағасында, Жонғар тауының жойқын алабында кездеседі. Ыстық көлдің жағасы, оған құятын өзендердің бойы да ғұн мен үйсіндердің мәдениетіне ересен толык.

Ғұндардың (чубантайпасының) көпотырған жері – Іле өзенінің оң жағы. Олардан қалған тарихи белгілер осы арадан тізбектеліп күншығысқа, солтүстікке созылып жатады. (Тоқырауың, Бегазы, Сарысу, Кенгір) бүкіл Жонғар тауын, Алакөлді, Тарбагатай, Шыңғыс тауларын молынан қамтып, Алтайға созылып жатады. Олардың өлген адамды қабірлеу әдеті бүтіндей өзгеше, қабірдің бір жағынан бүйір шығарып (катакомба), лақаттап жасайды. Оның үстінен қойған кісілерінің басы да өзгеше, оларды жас күнінде теріге салып сопайтып, басына киетін дұлыға тығыз отыруы үшін істеген (Аммиан марцеллин).

Ғұндардың барлық қоныстанған жерінде, Жетісуда, Орталық Қазақстанда, Алатауда, Орта Азия өлкесінде өлген адамдарға жасаған қабірлері көбінесе лақат түрінде. Бұл әдет VII ғасырдағы арабтардың жаулауымен қосылып, лақатпен отыргызу көп заманғы әдетке айналады». (Ә. Марғұлан).

Әлкей Марғұлан «Қазақ халқына көп ғасырдан бері мұра болып келе жатқан ғажайып аңыздарды, мазмұны ертегіге айналған терең мифтерді, жан-күйін көкке сермейтін асқақ ерлік жырларды, фәлсафалық тұрғыдағы сөздерін алып қарасақ, онда бүкіл әлем мәдениетінен қосылатын үлкен бір сәулетті дүние бар екені көрінеді. Бұл шығармалардың ту баста келіп шығуының өзі – бір жарқын дүние. Оны ең алғаш келістіре шығарған елдер ерлік дәуірін басынан кешірген – қазақтың байтақ сахараасын қоныстанған сақтар, ғұндар, үйсіндер, қаңылар, олардың сонын ала қарыштаған үрпақтары – оғыздар, қыпшақтар, қарлұқтар (қазылыштар), наймандар, керейлер, пешенелер, хазарлар», - деген зерделі зерттеуінің қорытындысын жас қауым түгіл, егде адамдар

білді ме екен? Бәрі бүркеулі күйі қалып келді.

Біз өз өлкеміздің тарихын сөз еткенде ғұндарды аттаң өте алмаймыз. Сонда ғұн тарихы дегеніміз – қазақ тарихы. Ғұндар қола дәуірінің соңғы кезінде тарих сахнасына шыққан. Бір сөзбен айтқанда сақтардың бір ұлысы болған.

«Ескі Қытай жазулары бойынша қола дәуірінің соңғы кезеңінде жасаған ғұндардың ата тегі әлі де көшіп жүруді біле қоймаған... біздің заманымыздан 8 ғасыр бұрын ғұндар бұрынғы отырықшы тұрмыстан шығып, енді төрттүлік малесіретін көшпелі тұрмысқа ауысады. Ғұнның көшпелі тайпалары Қанғой, Алтай, Тарбағатай, Орталық Қазақстан, Тянь-Шань тауларын қоныс етіп, осы арада өсіп-өнеді. (Ә. Марғұлан. «Жалын» журналы, №8, 2004 жыл).

Осы арада бұрын-соңды өткен тарихшылар еңбектерінде өрнектеліп келген ғұндардың бір кезінде қытайларды тізе бүктіріп, олардан алым алып, сонынан алауыздық салдарынан ыдырағанын қайталап жатқым келмейді. Бүкіл ғұн қағанаты екіге бөлінеді. Бір тарихи деректерге қарағанда бүкіл ғұндар сол кезде Европаны тітірендірді. Бір деректе олар жауларынан женіліп, Алтайға келіп панарайды.

Қытай империясының усойқы саясаты салдарынан бүкіл ғұн, үйсін, қаңлы, т.б. мемлекеттер ыдырады. Бір-бірімен жауласты, ортақ жауға қарсы тұра алмады. Анызы бар, тарихшылар жазғандары бар бәрі де бір қауым елдің сол аласапыранда Алтайды келіп панағанын айтады. Содан төрт жүз жыл өткеннен кейін Түрік деген атпен қайта тарих сахнасына шықты. Орталығы Алтай, бір шеті Ордас, бір шеті Темір қақапаға жетіп, Түрік қағанатының біздің жерде дәуірлекенін жеткілікті түрде жазылды. Сол дәуірдің іздері Шығыс өнірінде сайрап жатыр. 1971 жылы Зайсан қаласынан кәдімгі жер бетінен бой созып, екі метр елу бес сантиметр болып тұрған балбал тасты қазып алып, Өскемендеғі облыстық мұражайға алып кетті. Әлі күнге сапасы сакталып, бүгінге жеткен ер адамның белінде айыл бастаң, бес белдіктен және аспалы бес белдікшеден жинақталған белбеу көрінеді. Осы жөнінде Өскеменде шыққан «Жаны мен жады

Ғалым Байбатыров

халықтың» деген кітапта жазылды. Осы кітапта жазылғандарға зер салып көрсек, онда ауыл қариялары берітінге дейін тағып келген кісе жөнінде айтылған.

Түрік қағанаты қазіргі бүкіл түрік нәсілдес елдердің бесігі. Ал сол алтын бесік Шығыс өңірінде тербетілген.

Қазір Шығыс өңірін мекен етіп жатқан найман елі «Сегіз оғыз», керей елі «Байқару», уақ елі «Оңғыт», әрғын елі «Басымалы» деген атпен Түрік қағанатының қаз тұру, өрлеу, дәуірлеу кезеңдерін, жеңісті шерулерін өзімен қандас, тілдес ағайындарымен бастарынан бірге кешірді.

Тарихшы Нығмет Мынжанұлы түрік қағанатының мемлекет қайраткері әрі Орхон бойындағы тасқа жазылған өспет-баянның авторы – дана Тонықөкті Қара Ертістің жағасын мекендеген Қарлық елінің Сабек тайпасынан шыққан деген дерек келтіреді.

Түрік дәуірінен кейін тарих сахнасына шыққан қарлық, қимақ, қыпшақ мемлекеттерінің баяны Шығыс өңірімен тамырлас. Бұл елдердің тарихы да өз тарихымыз. Осы ұлыстар негізінде бүгінгі қазак ұлты қалыптасты.

Тарихшылар Қара Ертістің бойын қарлықтар мекендеді деп жазады. «Түрік қағанаты талқандалғаннан кейінгі жүз жылдың ішінде қарлықтардың өз дербес әміршісі болып, өз мәселелерін өздері шешті», деп жазады - тарихшы-жазушы Тұрсын Жұртбай. Сондай-ақ Әл-Масудидің «Қарлықтардың өз ішінен шаққан «қағандардың қағаны» бар, ол барлық түрік тайпаларына үкімін жүргізеді, ал оның атасы Афрасиаб пен Шана (Ашына – Көкбөрі еді), - дегеніне назар аударады.

«Қарлықтар әсілінде түркі халқы еді. 756-757 жылдарда қырлықтар күшейіп, үйғырлармен үзенгі соғыстырып, мүйіздесті де, он тайпа қағандарының ежелгі жерінен көшіп кетті: Ақырында олар Суяб, Тараз қалаларына барып орналасты». (Т. Жұртбай. «Дұлыға», екінші кітап).

Еліміздің шығыс аймағында, соның ішінде Оңтүстік Алтай, Қара Ертіс, тарбағатай, Арқа жерінде қимактар мен қыпшақтардан қалған деректер де біз үшін аса қымбат. Осы